

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 100 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 28 мамырда № 38802 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.7.2025 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 9 қарашадағы № 17-02/566 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8181 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік орман кадастрын, орман қорының мемлекеттік есебін, орман бақылауын жүргізуді қамтамасыз ететін орман қоры мен орман ресурстарының мәліметтер цифрлық базасын жасау және жүйелі түрде жаңарту;"

6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстағы барлық орман иеленушілер үшін орман орналастыру жобаларының негізінде облыс бойынша жиынтық орман орналастыру жобасы және облыс ормандарының картасы, орман мониторингінің цифрлық базасы жасалады.";

41-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Электронды компьютерлік технологияны қолданумен фотосуреттерді топографиялық негізбен сәйкестікке келтіру үшін ортогональды проекцияға түсіріледі және оның негізінде ортофотопландар жасалынады. Сандық суреттердің түсірілімі және ортофотопландардың жасалуы сандық фотограмметриялық жүйемен цифрлық жүйеден жеке жасалады.";

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 11-қосымшаның 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Фотоабристерді құрастырудың алғашқы операциясы орналастырылатын объектінің шекарасын салу болып табылады. Орман дачаларының шекаралары шекара нүктелерінің координаттары бойынша немесе округтік шекараның геодеректері (румбалар, сызық шамалары) бойынша цифрлық технологиясын пайдалана отырып салынады. Шоқ орманды орман қорының аумағы табиғи шекаралар бойынша (жолдар, су тосқауылдары, су айрықтары) түсіріледі.";

Орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығына 29-қосымшаның 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы әдістеме орман қорын есепке алу және үздіксіз орман орналастыру жұмыстарын жүргізу технологиясы мен ұйымдастырудың мақсатын, жүргізу барысындағы кіріс – шығыс құжаттарының жүйесін айқындайды, өңдеу мен керекті мәліметтерді алу процесін сипаттайды.

Үздіксіз орман орналастыру барысында алынған мәліметтер орман мекемесіндегі орман пайдалануды, орман қоры мен орман шаруашылық бағыты бойынша цифрлық базасын құруды, мәліметтер банкін жіктеуді қамтамасыз етеді."

2. "Ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 18-02/40 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10676 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ағаш кесу билеті мен орман билетін есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидаларында:

13-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1. "Ағаш кесу және орман билетін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) мемлекеттік орман иеленушілерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман билетін алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне не www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) және ағаш кесу билетін алу үшін "Табиғи ресурстардың интерактивті картасы tabigat.gov.kz" ақпараттық жүйесі" веб-порталы (бұдан әрі – [tabigat](http://tabigat.gov.kz) порталы) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген.

Өтініш көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берілген кезде оның көшірмесінде күні мен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қызметкерінің тегін көрсете отырып қабылданғаны туралы белгі қойылады.

Портал және [tabigat](http://tabigat.gov.kz) порталы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" нәтижені беру күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы не жеке кәсіпкер ретінде қызметтің басталғаны туралы, бюджетке орман пайдалану үшін төленгені туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы сағат 17.00-ден кейін немесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнімен жүргізіледі.

Порталда және [tabigat](http://tabigat.gov.kz) порталында өтінішті қарау нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылып,

электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

13-3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді."

3. "Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/169 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11633 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және оларды өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу қағидаларында:

2-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – электрондық нысанда көрсетілетін, нормативтік-құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырланған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және мемлекеттік сыңайлы сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын цифрлық жүйе болып табылады;"

11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Плантацияларды отырғызуға және өсіруге, жеке орман питомниктерін құруға және дамытуға арналған шығыстарды өтеу үшін Қолдау субъектісі ағымдағы жылдың 30 қыркүйегінен кешіктірмей веб-портал арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – талап) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жер учаскелері туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады;"

17-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 2-тармағына сәйкес орталық мемлекеттік орган және көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді."

4. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/896 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12247 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерлер өткізу қағидаларында:

қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20864 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.";

1 және 2-қосымшалары осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

6. "Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 24 ақпандағы № 58 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар белгілеу қағидаларында:

қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 62 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31996 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларында:

19-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда жасыл екпелерді тиімді басқару үшін бірыңғай цифрлық база құру, оның ішінде жасыл екпелер санының қолданыстағы құрылыс және санитариялық нормаларға сәйкестігін белгілеу;"

58-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып кетуіне алып келген бүлінген жағдайда – бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады."

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрі
2026 жылғы 26 мамырдағы
№ 100 тізбесіне 1-қосымша
Мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде орман
ресурстарын ұзақ мерзімді
орман пайдалануға беру жөнінде
тендерлер өткізу қағидаларына
қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендерге қатысуға өтінім

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөнінде тендер өткізу туралы жарияланған хабарламаны қарап:

(орманды ұзақ мерзімді пайдалану атауы)

(облыс, аудан, алқаптың сәйкестендіру нөмірі)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 қазандағы № 18-02/896 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12247 болып тіркелген,) Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендерлерді өткізу қағидаларымен (бұдан әрі - Қағидалар) танысқаннан кейін, төменде қол қойған мен

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның атауы)

тендерге қатысуға өтінім қабылдауды және Интернет желісінде орналасқан мемлекеттік

мүлік тізілімінің веб-порталында www.gosreestr.kz 20__ ж. "___" _____ өтетін тендерге қатысушы ретінде тіркеуді сұраймын.

2. Мен (біз) тендерге қатысу үшін кепілдік жарна енгіздім, ол тендер нәтижелерін анықтағанға дейін тізілім веб-порталында бұғатталады:

(сомасы теңгемен, оның ішінде жазбаша түрде көрсетіледі)

хабарламада көрсетілген мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың шотына: _____

(жеке сәйкестендіру коды, банктік сәйкестендіру коды, төлем мақсатының коды, бенефициар коды)

(төлем құжатының № және күні)

3. Біздің (менің) қатысушыға қойылатын Қағидалардағы талаптарға сәйкес келмейтіндігіміз және (немесе) осы өтінімде мәлімделетін ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда, біз (мен) тендерге қатысу құқығынан айырылатынымызға, біз (мен)

тендерде жеңіске жеткен жағдайда, біз (мен) қол қойған тендер нәтижелері туралы хаттама

мен ұзақ мерзімді орман пайдалануға арналған шарт (бұдан әрі – шарт) жарамсыз деп танылатынына келісемін, кепілдік жарна қайтарылмайды.

4. Егер біз (мен) тендердің жеңімпазы болған жағдайда, өзімізге тендерді өткізу күні

тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қою және хабарламада көрсетілген және Біз

(мен) ұсынған тендер шарттарында тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шарт жасасу міндеттемесін аламыз.

5. Мені (бізді) жеңімпаз деп анықтап, мен (біз) тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдан не шарт жасасудан бас тартқан жағдайларда енгізген кепілдік жарнаның сомасы

қайтарылмайтындығымен және мемлекеттік орман иеленушіде қалатындығымен келісемін.

6. Қағидалардың 34-тармағындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану жөніндегі тендерге қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарымен таныстым.

7. Менде (бізде) өткен жылдардағы шарт бойынша (қолданыстағы шарттар бойынша)

берешегім жоқ екенін мәлімдеймін.

8. Менде (бізде) салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары

мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы мәлімдеймін.

9. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы

хабардармын.

10. Мәліметтерді пайдалануға келісемін, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, цифрлық жүйелерде қамтылған.

11. Өзім (өзіміз) туралы мәлімет ұсынылады:

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мекенжай _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банктік деректемелер:

Жеке сәйкестендіру коды _____

Банк сәйкестендіру коды _____

Банк атауы _____

Бенефициар коды _____

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСН/БСН _____

Жеке тұлға үшін:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

Төлқұжат деректері _____

Мекенжай: _____

Телефон нөмірі (факс): _____

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банктік деректемелер:

Жеке сәйкестендіру коды _____

Банк сәйкестендіру коды _____

Банк атауы _____

Бенефициар коды _____

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСН/БСН _____

Өтініш беруші 20__ жылғы " __ " _____ сағат __: __ -де қол қойды және жіберді

ЭЦҚ - дан алынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

Ұйымдастырушы 20__ жылғы " __ " _____ сағат __: __ -де қабылдады

ЭЦҚ - дан алынған деректер

ЭЦҚ қол қою күні мен уақыты

тізбесіне 2-қосымша/
"Мемлекеттік орман қорында
орман шаруашылығын жүргізуге
байланысты емес жұмыстарды
жүргізуге келісу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

(мемлекеттік органның толық атауы)

(жеке немесе заңды тұлғаның толық атауы)

Өтініш берушінің мекенжайы _____

(индексі, қала, аудан, облыс, көше, үй, №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері _____

жеке тұлғалар үшін – ЖСН, заңды тұлғалар үшін – БСН

Өтініш

_____ ,
(өтініштің мақсаты)

_____ ,
(құрылыс объектісінің атауы)

_____ ,
(объект салынатын учаскенің атауы)

_____ үшін сұраймын.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы:

_____ ,
(номер экспертизы, дата выдачи экспертизы)

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың
қорытындысы: _____

_____ ,
(сараптама нөмірі, сараптама берілген күн)

1. Участке _____

_____ ,
(орман мекемесінің атауы)

орманшылығының _____ орамында орналасқан.

2. Участкенің ауданы _____ гектар, оның ішінде:

орман, орман көмкерген _____ гектар, орман,

орман көмкермеген _____ гектар,

оның ішінде орман екпелері _____ гектар,

алқаптар гектар,

шабындықтар _____ гектар,

жайсыз жерлер (батпақтар және басқалар) _____ гектар,

жайылымдар гектар,

жолдар _____ гектар,

басқа жерлер _____ гектар.

3. Орман көмкерген алқап мыналардан тұрады:

Жер атауы	Орам нөмірі	Телім	Учаске алаңы	Құрамы	Ж а с сыныбы	Жуандығы	Сүрек қоры	
							кәделік	отын

4. Орман қорының санаты _____

5. Участкенің орман шаруашылығы ерекшеліктері _____

6. Геологиялық-жер сипаттамасы: _____

7. Әкімшілік ауданның ормандануы _____

8. Сұралып отырған алқапты беру шарттары:

а) беру мерзімі _____

б) рұқсат етілетін тазарту және жерді томарлардан тегістеу мөлшері _____

в) учаскені алушының міндеттемесі _____

Өтінішке қоса тіркелді: _____

Цифрлық жүйелерде болатын заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер беру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық жайында хабардармын.

Қолы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

"Мемлекеттік орман қорында
орман шаруашылығын
жүргізуге байланысты емес
жұмыстарды жүргізуге келісу"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
қағидаларына
2-қосымша

"Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес жұмыстарды жүргізуге келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz (бұдан әрі – портал) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттар тіркелген уақыттан бастап – 1 (бір) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Орманның жай-күйі мен молықтырылуына әсер ететін объектілерді салу орындарын келісу немесе өтінішті қараудан дәлелді бас тарту. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нысаны – электрондық.
	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем	

6	мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші – 2017 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодексе) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске және Заңға сәйкес сағат 17.00-ден кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары порталда орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанындағы өтініш
		<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Кодекстің 54-бабында белгіленген мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және</p>

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу талаптарына сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылуы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы электронды цифрлық қолы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777

тізбесіне 3-қосымша/
Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи
ресурстар министрінің
бұйрығымен бекітілген

Орман, балық және аңшылық шаруашылығы саласындағы азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне,

қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін үстемеақылар төлеу шарттары

№	Ұйымдардың (бөлімшелердің) тізбесі	Қызметкерлер лауазымдарының тізбесі	Ерекше шарттар	Көрсеткіштер: базалық лауазымдық айлықтан көрсеткіштермен үстемеақылар төлеу шарттары		
				30 %	40 %	50 %
1	2	3	4	5	6	7
Орман шаруашылығы саласында						
1	Табиғат қорғау ұйымдары, орман шаруашылығы мекемелері					
Мекемені дамытуға бағытталған жұмыс үшін						
			Ормандарды молықтыруды жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану	Орман дақылдарының жерсінудің 5%-ға арттыруға қол жеткізу	Орман дақылдарының жерсінудің 6-10%-ға арттыруға қол жеткізу	Орман дақылдарының жерсінудің 11-20%-ға арттыруға қол жеткізу
			Орман тұқымдарының шығымдылығын бағалау және оларды қайта өңдеу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану	Барлық дайындалған партиялардың 25% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялардың 26-30% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялардың 31-40% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие
			Ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғауды жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану (фитосанитариялық мониторингті	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 16-20% тыс орындау	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 20-25% тыс орындау	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 26-

		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	цифрландыру – технологияның географиялық цифрлық жүйесін пайдалану)			30% тыс орындау
			Өртке қарсы іс-шаралар өткізу кезінде жаңа технологиялар енгізу және пайдалану (ормандардағы өрттерді уақтылы анықтау және өрт қауіпсіздігі қағидаларының бұзылуын болдырмау)	Өрттердің жалпы санының 60%	Өрттердің жалпы санының 61-75%	Өрттердің жалпы санының 76-90%
			Далалық ғылыми-мониторингтік жұмыстар жүргізу (бекітілген аумақта өсімдіктердің, жануарлардың, орман аурулары мен зиянкестерінің жаңа түрлерін анықтау, орман өрттерімен, орман ауруларымен және зиянкестерімен күрес жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу)			Жыл сайын өсімдіктің немесе жануардың, немесе орман ауруының немесе орман зиянкесінің бір және оданда көп түрін анықтау, орман өрттерімен күрес немесе орман ауруларымен және зиянкестерімен күрес жөнінде бір ғылыми мақала түрінде негізделген ұсыным әзірлеу
Озық әдістерді практикада қолданғаны үшін						

			Орман өрттерін байқау және сөндіру, орман патологиялық зерттеуін жүргізу, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының алдын алу және жою үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану		қолжетімділігі қиын жерлердің жалпы ауданының 3 % ұшқышсыз ұшу аппарат-тары мен тексеру	қолжетімділігі қиын жерлердің жалпы ауданының 5 % ұшқышсыз ұшу аппарат-тары мен тексеру
		Лауазым мен мамандық атауына қарамастан барлық қызметкерлер	Тұқым қуалаушылық қасиеттері жақсартылған көшеттік материал өсіру үшін озық әдістерді қолдану	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 20%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 21-30%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 31-40%-дан астамы
			Тамыр жүйесі жабық көшеттік материалын өсірудің озық әдістерін қолдану	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 15-20%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 21-25%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 25%-дан астамы
			Орманның санитариялық жағдайын жақсарту үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының озық шетелдік әдістемелерін қолдану	Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының ауданын 15% азайту	Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының ауданын 16-20% азайту	Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының ауданын 21-30% азайту
Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін						
						Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды абаттандыру

			Экологиялық оқу-ағартуға және мектеп орманшылықтарының дамытуға белсенді қатысу		бойынша жұмыстар жүргізуде өтеусіз көмек көрсету жөнінде экологиялық десанттар мен сенбіліктер ұйымдастыру, құстардың ұяларын орналастыру, экологиялық сокпақтар мен туристік тұрақтарды жайластыру, ағаштар мен бұталар отырғызу, питомниктерде жұмыс істеу, қоқыс тастайтын жерлерді жинау, бұлақтарды абаттандыру, бекітілген аумақта орманды қалпына келтіру жұмыстары
	Лауазыммен амандықатауына қарамастан барлық қызметкерлер		Питомниктерді дамыту		Питомниктер алқаптарын, ағаш-бұта тұқымдылардың аборигендік түрлерінің ассортиментін ұлғайту, тұқымқуалаушылық қасиеттері жақсартылған көшеттік материал өсіру
				Ағашты заңсыз	Ағашты заңсыз кесудің 2

			Ағаштың заңсыз кесілуін болдырмау		кесудің 1 фактісін анықтау	және одан да көп фактілерін анықтау
			Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 хаттама	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1-5 хаттама	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 6 және одан да көп хаттама
			Қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау және оларды құқық қорғау және сот органдарында қарау		Қылмыстық жазаланатын құқық бұзушылықтың 1 фактісі анықталды	Қылмыстық жазаланатын құқық бұзушылықтың 2 және одан да көп фактісі анықталды
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін						
			Орталық және жергілікті атқарушы органдардың шұғыл тапсырмаларын орындау.			Орталық және жергілікті атқарушы органдардың шұғыл тапсырмаларын сапалы және уақтылы орындау
		Лауазыммен амандық атауына қарамастан барлық қызметкерлер	Ағаштың заңсыз кесілуін, заңсыз аң аулау мен балық аулауды болдырмау бойынша арнайы рейдтік іс-шаралар жүргізу.			Жоғары тұрған органдардың тапсырмасы бойынша ағаштың заңсыз кесілуін, заңсыз аң аулау мен балық аулауды болдырмау бойынша арнайы рейдтік іс-шаралар жүргізу
			Зиянкестер мен аурулардың жаппай таралу қаупі			Зиянкестер мен аурулардың жаппай таралу қаупі

			төнген кезде орманды қорғау бойынша шұғыл жұмыстар жүргізу.			төнген кезде орманды қорғау бойынша шұғыл жұмыстар жүргізу.
Еңбектегі қиындық пен қауырттылық үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына қарамастан барлық қызметкерлер	Орман патологиялық зерттеу жүргізу, орман зиянкестері мен ауруларыоша қтарының алдын алу және жою кезіндегі нормаланбаға н жұмыс күні			Қолайсыз ауа-райы жағдай-ларын да (жоғары ауа температура-с ы, шаңды дауылдар, жаңбыр) тексеру, қозғалудың қиындауы (егістіктер, қамыстар, батпақты жерлер), зерттеу жұмыстары кезеңінде жүргізілген химиялық өңдеулерден кейін химиялық заттардың қалдықтары-м ен улану қаупі, тау жағ-дайларын да жұмыс істеу.
			орман өрттерін сөндіру және жою кезіндегі нормаланбаға н жұмыс күні			
			Рейдтік іс-шаралар өткізу кезіндегі нормаланбаға н жұмыс күні.			
Орман өрттерін сөндіруге қатысқаны, оның ішінде арнайы жабдықтарды қолдана отырып қатысқаны үшін						
		Лауазыммен амандықатау ынақарамаста нбарлыққызм еткерлер	Орман өрттерін сөндіруге қатысу			Жұмыстың әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемен ің 100 %
Орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі жұмыс үшін						
		Лауазыммен амандықатау	Орман зиянкестеріме н және ауруларымен күрес			Жұмыстың әр сағаты үшін

		ынақарамаста нбарлыққызм еткерлер	жөніндегі жұмыс			сағаттық мөлшерлемен ің 100 %
2	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығ ы және жануарлар дүниесі комитетінің "					
Қазақ ормандарды авиациялық корғау және орман шаруашылығ ына қызмет көрсету базасы" республикалы қ мемлекеттік қазыналық кәсіпорны						
Кәсіпорынды дамытуға бағытталған жұмыс үшін.						
		Өндірістік-ұш у қызметі	Авиациялық жұмыстар жүргізу	Айына 0-10 сағат	Айына 11-15 сағат	Айына 16-20 сағат және одан астам
Практикада озық әдістерді қолданғаны үшін.						
		Өндірістік-ұш у қызметі	Өрттерді анықтау және оларды сөндіруге қызмет көрсету үшін электрондық карталар мен G P S жүйелерін қолдану	Шыққан өрттер санының 50% -на дейін	Шыққан өрттер санының 51% -нан 75%-на дейін	Шыққан өрттер санының 76% -нан 100%-на дейін
			Орман өрттерін сөндіру кезінде шағын механикаланд ы р у құралдарын	Шыққан өрттер	Шыққан өрттер санының 51%	Шыққан өрттер санының 76%

		Өрт сөндіру-десант қызметі	және химиялық құрамдарды (антиперендерді) пайдалану	санының 50%-на дейін	-нан 75%-на дейін	-нан 100%-на дейін
Еңбектегі қиындық пен қауырттылық үшін						
		Өндірістік-ұшу қызметі	Теңіз деңгейінен асып түсетін таулы жерлерде орман-авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру	500 м-ден 1000 м-ге дейін	1000 м-ден 1500 м-ге дейін	1500 м және одан жоғары
		Өндірістік-ұшу қызметі/ өндірістік-авиация қызметі	Өрттерді авиациялық әдістермен сөндіру (сыртқы аспадағы СҚҚ, П-1-00 қолданып, түсіру құрылғылары пайдаланатырып)	2 жағдайға дейін	3-4 жағдайға дейін	5 және одан көп жағдайлар үшін
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін.						
		Өндірістік-ұшу қызметі/ өндірістік-авиация қызметі	Есепті кезеңде шыққан орман өрттері санында авиацияның анықтау пайызы	75%	76-80%	81-85%
		Өндірістік-авиация қызметі	Шыққан орман өрттері санында авиа-өрт сөндіру қызметінің қатысу пайызы	80%	81-85%	85-90%
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Уәкілетті органның шұғыл тапсырмалары мен тапсырмаларын сапалы орындау			Уәкілетті органның шұғыл тапсырмалары мен тапсырмаларын сапалы орындау

Орман өрттерін сөндіруге қатысканы, оның ішінде арнайы жабдықтарды қолдана отырып қатысканы үшін

		Лауазыммен амандықатау ынақарамаста нбарлыққызм еткерлер	Орман өрттерін сөндіруге, оның ішінде арнайы жаракты және тікұшақ техникасынан десант түсіруді қолдана отырып қатысу			Жұмыстың әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемен ің 100 %
--	--	--	--	--	--	---

Орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі жұмыс үшін

		Лауазым мен мамандық атауына қарамастан барлық қызметкерлер	Орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі жұмысқа қатысу			Жұмыстың әр сағаты үшін сағаттық мөлшерлемен ің 100 %
--	--	---	--	--	--	---

3	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Қазақорман орналастыру кәсіпорны" республикалық қазыналық кәсіпорны					
---	---	--	--	--	--	--

Мекемені дамытуға бағытталған жұмыс үшін

		Лауазым мен мамандық атауына	орман орналастыру өндірісіне және орман шаруашылығы мекемелеріне	Орман орналастыру жұмыстардың	Орман орналастыру жұмыстардың	Орман орналастыру жұмыстардың
--	--	------------------------------	--	-------------------------------	-------------------------------	-------------------------------

		карамастан барлық қызметкерлер	жаңа географиялық цифрлық жүйелерді және озық технологияларды енгізу	жасалған түрлерінен 50% астам	жасалған түрлерінен 60% астам	жасалған түрлерінен 60% астам
Практикада озық әдістерді қолданғаны үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде жаңа технологияларды қолдану есебінен еңбек өнімділігін арттыру	Көлемдік көрсеткіштерді 11-15%-ға асыра орындау	Көлемдік көрсеткіштерді 16-20%-ға асыра орындау	Көлемдік көрсеткіштерді 21-25%-ға асыра орындау
Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Далалық және камералдық кезеңде орман орналастыру жұмыстарының жоспарын асыра орындау	Көлемдік көрсеткіштерді 16-20%-ға асыра орындау	Көлемдік көрсеткіштерді 21-25%-ға асыра орындау	Көлемдік көрсеткіштерді 26-30%-ға асыра орындау
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін						

					Оқиғалар
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Орман заңнамасының бұзылуын тексерумен байланысты, орман қоры мен ЕҚТА жерлеріне қатысты жер қойнауын пайдаланушылардың учаскелерін айқындау жөніндегі жұмыстар, нормативтік актілерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысу, орман шаруашылығы қызметкерлерімен оқу семинарларын өткізу	Оқиғалар саны 1	Оқиғалар саны 2

						саны 3 және одан көп
Еңбектегі қиындық пен қауырттылық үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Г И С технологияла р- Mapinfo, Argiz, Fotomod пайдаланып күрделілігі мен мазмұны әртүрлі орман карталарын жасау	1 шаршы дециметрге 20 белгі	1 шаршы дециметрге 40 белгі	1 шаршы дециметрге 60 белгі
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Ж а з ы қ жерлерде орман орналастыру жұмыстарын жүргізу	Таксациялық телімнің орташа көлемі 50 га	Таксациялық телімнің орташа көлемі 30 га	Таксациялық телімнің орташа көлемі 20 га
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Т а у л ы аудандарда орман орналастыру жұмыстарын жүргізу	Т а у бөктеріндегі жазықтар 5 градусқа дейін	Жоталы жер бедері 6-15 градус	Биік жоталы жер бедері 16-25 градус
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Ш ө л д і аудандарда орман орналастыру жұмыстарын жүргізу	Ауыз су көздерінен қашықтығы 20км	Ауыз су көздерінен қашықтығы 40 км	Ауыз су көздерінен қашықтығы 60 км
4	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің " Республикалық орман селекциялық- тұ қ ы м шаруашылығы орталығы" республикалы					

	қ мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.					
Мекемені дамытуға бағытталған жұмыс үшін						
		Бейіндік бөлім басшылары, инженерлер	Селекциялық-тұқым шаруашылығы және селекциялық-генети-калық мақсаттағы объектілердің есебі мен мониторингін жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану (есепке алу мен мониторингті цифрландыру – технологияның географиялық ақпараттық жүйесін пайдалану)			Объектілердің жай-күйін айқындау тиімділігін арттыруға қол жеткізу
			Орман тұқымдарының шығымдылығын бағалау, оларды дайындау, қайта өңдеу және сақтау кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану.	Барлық дайындалған партиялардың 50% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялардың 70% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялар тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие
			30% қамти отырып, табиғат қорғау кәсіпорындары мен орман шаруашылығы			

		<p>мекемелерінде ағаш тұқымдарын дайындау, сақтау, өңдеу және орман тұқымдары бойынша өзге де нормативтік техникалық актілердің талаптарын және орман тұқымы шаруашылығы жөніндегі өзге де нормативтік техникалық актілерді ескере отырып, олардың дұрыс пайдаланылуын бақылау, сондай-ақ стандарттар талаптарына сәйкес орман тұқымдарының сапасын айқындау және орман тұқымдары сапасының куәліктерін беру.</p>	<p>Барлық дайындалған партиялардың 50% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие</p>	<p>Барлық дайындалған партиялардың 51-70% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие</p>	<p>Барлық дайындалған партиялардың 71% және одан астамының тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие</p>
		<p>Орман патологиялық мониторингін жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану (модельдік</p>	<p>Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының өршуі және пайда болуы кезінде сынақ алаңдарын алғанда навигация G P S пайдалану. Орман зиянкестері мен</p>	<p>қолжетімділігі қиын жерлердің жалпы</p>	<p>қолжетімділігі қиын жерлердің жалпы</p>

			Көшеттік материалдың микро-клоналдык көбеюі	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 8-10%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 11-13%	материалдың жалпы көлемінің 14%-нан астамы
Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына қарамастан барлық қызметкерлер	Тұрақты орман тұқымы базасының объектілерін анықтау.	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 16-20% тыс орындау	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 20-25% тыс орындау	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 26-30% тыс орындау
			Табиғат қорғау кәсіпорындары мен орман шаруашылығы мекемелерінде орман өсіру жұмыстарын жүргізу үшін көшеттік материал өсіру.	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 16-20% тыс орындау	Жалпы көлемнен 20-25% жұмыс жоспарынан тыс орындау	Жұмыс жоспарын жалпы көлемнен 26-30% тыс орындау
			Тұқым қуалаушылық қасиеттері жақсартылған көшеттік материал өсіру үшін озық әдістерді қолдану	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 50%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 51-60%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 61% -дан астамы
			Тамыр жүйесі жабық көшеттік материал өсірудің озық әдістерін қолдану	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 15-20%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 21-25%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 25% -дан астамы
			Орман тұқымы учаскелерінен орман тұқымдарын дайындау.	Барлық дайындалған партиялардың 50% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялардың 70% тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие	Барлық дайындалған партиялар тұқым сапасының жоғары (1-2) сыныптарына ие
			Питомниктер де көшеттік			

			материал өсіру кезінде озық шетелдік әдістемелерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдану.	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 50%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 61-60%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 61%-нан астамы
			Көшеттік материалдың микроклональдық көбеюі	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 8-10%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 11-13%	Өсірілетін көшеттік материалдың жалпы көлемінің 14% -дан астамы
			Клондар гендерінің банкін, орман тұқымдарын сақтау банкін құру кезінде озық шетелдік әдістемелерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдану.			Ағаш-бұта тұқымдылардың аборигендік түрлері тұқымдарының ассортиментін ұлғайту.
			Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін анықтау мен іріктеу кезінде озық шетелдік әдістемелерді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдану (тәжірибелік жолмен)	1 әдістемені қолдану	2 әдістемені қолдану	3 жән одан бастап әдістемені қолдану
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін						
			Орталық және жергілікті атқарушы органдардың шұғыл			Тапсырмаларды жоғары

			Селекциялық-тұқым шаруашылығы және селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, аттестаттау, есепке алу және мониторинг кезіндегі нормаланбаған жұмыс күні			жағдай-ларын да (жоғары ауа температура-сы, шанды дауылдар, жанбыр) тексеру, қозғалудың қиындауы (егістіктер, қамыстар, батпақты жерлер), зерттеу жұмыстары кезеңінде жүргізілген жұмыс істеу
Балық шаруашылығы саласында						
	Мемлекеттік балық өсіру кәсіпорындары					
Мекемені дамытуға бағытталған жұмысы үшін						
		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Құнды, сирек және құрып кету қаупі төнген балық түрлерін тауарлы өсіру	1 түр	2 түр	3 және оданда көп түр
Практикада озық әдістерді қолданғаны үшін						
		Бас инженер, инженер-гидротехник, химик, балық өсіруші (гидробиолог), зертханашы	Құнды балық түрлерін өсіру кезінде жаңа технологияларды енгізу және қолдану			Балықтардың бағалы түрлерінің шабақтарын өсіру көлемін 20%-ға ұлғайту
Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін						
		Бас инженер, бас балық өсіруші, инженер-гидротехник, химик, балық өсіруші (гидробиолог), зертханашы	Ғылыми ұйымдармен бірлесіп құнды балық түрлерінің шабақтарын өсіру бойынша жаңа әдістер мен технологияларды өндірістік	1 өндірістік сынақ	2 өндірістік сынақ	3 және оданда көп

			сынақтан өткізуге қатысу			өндірістік сынақтар
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін						
		Балық өсірушілер, балықшылар	Өндірушілерден жыныстық өнімдер (уылдырық, шоғал) алу бойынша жұмыстар жүргізу кезіндегі нормаланбаған жұмыс күні производителей и их инкубация			Құнды балық түрлерінің шабақтарының өсіру көлемін 100% орындау
Еңбектегі қиындық пен қауырттылық үшін						
		Балық өсірушілер, балықшылар	Балық шаруашылығы су айдындарында өндірушілер дайындау Күрделі ауа райы-климаттық жағдайларда уылдырықты ұрықтандыру			Құнды балық түрлерінің шабақтарының өсіру көлемін 100% орындау
Жанурлар дүниесі саласында						
	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің " Охотзоопром" ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. .					

Мекемені дамытуға бағытталған жұмыс үшін

		Ұйымның бірінші басшысы және оның орынбасарлары, бөлімдердің, филиалдардың басшылары және олардың орынбасарлары	Күзет іс-шараларын жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану			Сирек кездесетін және жойылып баратын жануарлар түрлерінің саны 5% жоғарлау
			Есепке алу жұмыстарын жүргізу кезінде жаңа технологиялар енгізу және пайдалану			Есепке алу жұмыстарының дәлдігін 5% және одан да көп мөлшерге ұлғайту

Практикада озық әдістерді қолданғаны үшін

		Лауазым мен мамандық атауына карамастан барлық қызметкерлер	Табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде жаңа технологияларды енгізу және пайдалану	Жануарлар санының өсуін стратегиялық көрсеткіштен 4-5% ұлғайту	Жануарлар санының өсуін стратегиялық көрсеткіштен 5-7% ұлғайту	Жануарлар санының өсуін стратегиялық көрсеткіштен 8-10% ұлғайту
		Бейінді бөлімдердің басшылары мен қызметкерлері	Табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу кезінде жаңа технологиялар енгізу және пайдалану (есептілікті және іс-шараларды жоспарлауды цифрландыру)			Есептілікті және іс-шараларды жоспарлауды цифрландыру
		Бейінді бөлімдердің басшылары мен қызметкерлері, филиалдардың басшылары және олардың	Құқық бұзушылықтарды анықтау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану Мониторингтік бақылаулар үшін		Қолжетімділігі қиын жерлер жалпы ауданының 3% ұшқышсыз	Қолжетімділігі қиын жерлер жалпы ауданының 5% ұшқышсыз

		орынбасарлар ы , инспекторлар	ұшқышсыз ұ ш у аппараттарын пайдалану		ұ ш у аппарат-тары мен тексеру	ұ ш у аппарат-тары мен тексеру
Жұмыстағы жоғары жетістіктері үшін						
		Бейінді бөлімдердің басшылары м е н қызметкерлері	Тұяқты жануарларды ң сирек кездесетін ж ә н е жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің с а н ы н Министрлікті ң стратегиялық жоспарында белгіленген көрсеткіштен жоғары пайыздарға арттыру (орта есеппен барлық түрлер бойынша)	стратегиялық көрсеткіштен 4-5% ұлғайту	Ө с у д і стратегиялық көрсеткіштен 6-7% ұлғайту	Ө с у д і стратегиялық көрсеткіштен 8 - 10 % ұлғайту
		Инспекторлар , қорықшылар	Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерді және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын, сондай-ақ бір ай ішінде алып қоюға т ы й ы м салынған жануарларды з а ң с ы з олжалаумен, пайдаланумен байланысты қылмыстық әрекеттің ж о л ы н кескені үшін			Қылмыстық жазаланатын қ ұ қ ы қ бұзушылықты ң 1 фактісі анықталды

		Инспекторлар , қорықшылар	бір ай ішінде жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықты анықтағаны үшін	1 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама	2 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама	3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама
		Бейінді бөлімдердің басшылары мен қызметкерлері , филиалдардың басшылары мен олардың орынбасарлары , инспекторлар	Экологиялық оқу-ағартуға белсене қатысу			Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізуде өтеусіз көмек көрсету бойынша экологиялық десанттар мен сенбіліктер ұйымдастыру, құстардың ұяларын орналастыру, экологиялық соқпақтар мен туристік тұрақтарды жайластыру, тұрмыстық қоқыс тастайтын жерлерді жинау
			Табиғат қорғау тақырыбына БАҚ-та материалдар жариялауға белсене қатысу	2 жарияланым	4 жарияла-ным, радио-арналар бойынша сөз сөйлеу	6 жарияла-ным, радио-арналар бойынша сөз сөйлеу
			Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен киіктер			

			мекендейтін аймақта табиғат қорғау және табиғатқа ұқыпты қарау тақырыбына халықпен жұмыс істеуге белсене қатысу	2 әңгіме	5 әңгіме	8 әңгіме
Аса маңызды немесе шұғыл жұмыстарды орындағаны үшін						
		Бейінді бөлімдердің басшылары мен қызметкерлері, инспекторлар, қорықшылар	Бақылаушы ретінде авиациялық жұмыстарға қатысу (айына)	21-30 сағат	31-40 сағат	41 сағат және одан көп
Еңбектегі қиындық пен қауырттылық үшін						
		Инспекторлар, қорықшылар	Қызметтік автокөлікті жүргізу, оның жай-күйіне күтім жасау үшін			Қызметтік автокөлікті жүргізу, оның жай-күйіне күтім жасау үшін
		Инспекторлар, қорықшылар, жүргізушілер	Инспекторлардың күрделі табиғи-климаттық жағдайларда жұмыс істеуі		жаз кезінде (шілде-тамыз)	қыс кезінде (желтоқсан-ақпан)
		Инспекторлар, қорықшылар, жүргізушілер	Шыбын-шіркей және басқа да қауіпті жәндіктер мен кенелер таралған аудандарда жұмыс істегені үшін (Аумақтарды шыбын-шіркей және басқа да қауіпті жәндіктер мен кенелер жаппай таралатын аудандарға жатқызу			Жұмыс өтілі 3 ай және одан

			тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы орган белгілейді)			көп болған кезде
Қауіпті және аса қауіпті індеттердің қоздырғыштарымен және бәлкім оларды жұқтырған материалдармен жұмыс істегені үшін(жануарлар мен құстардың, кенелердің, шыбын-шіркейлердің, сарышұнақтардың және тышқан тәрізді кеміргіштердің аса қауіпті инфекцияларының қоздырғыштарын жұқтырған патологиялық материалмен жанау)						
		Барлық мамандар мен қызметкерлер	Эпизоотия ошағын анықтауға қатысу			БЛА-дан 140 % Жұмысты нақты орындауына қарай
			Эпизоотия зардаптарын жоюға қатысу			БЛА-дан 140 % Жұмысты нақты орындауына қарай